

Тоқатов Р.А.
академик Е.А.Букетов атындағы ҚарМУ
азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының
м.ю.н., аға оқытушы

Мырзалиева Ж.Т.
академик Е.А.Букетов атындағы ҚарМУ
азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының
м.ю.н., аға оқытушы

Қазақстанда қалдықтарды қайта өңдеу саласындағы құқықтық мәселелер

Соңғы он жылдықта өнеркәсібі дамыған мемлекеттерде, сонымен қатар Қазақстанда да қалдықтарды басқару саласында бұрынғыға қарағанда айтарлықтай өзгерістер бар. Оның бірден бір себебі, қоршаған ортаның ластануының ұлғайуы және оның халық денсаулығына кері әсері, экологиялық саясат пен заңнамадағы өзгерістер. Экологиялық саясаттағы өзгерістер деп отырғанымыз, қалдықтарды басқару саласында пайда болған қалдықтардың көлемін азайту және оны барынша қайта пайдалануға беру.

Тұрмыстық қатты және техногенді қалдықтар өнеркәсіппен қатар күнделікті адам өмірінде пайда бола отырып, экологияға зиянын тигізіп отыр. Жалпы, қалдықтар екі топқа бөлінеді токсинді және қауіпті. Қалдықтар бойындағы ластағыш материалдардың көптігі соншалық, олар қоршаған орта мен адам денсаулығына өте зиянды[1;114].

Қалалардың өсуі мен қаладағы халық санының ұлғаюы және олардың тауарлады үлкен көлемде пайдалануы қаладағы тұрмыстық қатты қалдықтардың жоғры деңгейде көбеюіне әкеліп соғуда. Мемлекетімізде әрекет ететін занама бұл мәселені тиімді түрде шешетіндей жағдайда емес. Мәселен, дамыған мемлекеттерде қалдықтармен қоршаған ортаны ластау қатаң бақыланады және санкцияланған. Өнеркәсібі дамыған мемлекеттерде тұрмыстық қатты қалдықтардың көлемін азайту, табиғи және адами ресурстарды сақтай отырып, экономиканы үздіксіз дамыту жолдарының біріне айналған. Қалдықтар

көлемін азайту мәселесінің қарқынды жүргізіліп отырған негізгі себептерінің бірі, қоқыс пен қалдықтардың көбеюі қоршаған орта мен халық денсаулығына үлкен зиянын тигізеді[2;28].

Қазақстанның қазіргі жағдайына көз жүгіртетін болсақ, қатты тұрмыстық қалдықтар Қазақстан үшін ерекше мәселе болып отыр. Жыл сайын бір тұрғынға 1,3-тен бастап 2,2 м кубка дейінгі нормаларда қатты тұрмыстық қалдықтардың 14 млн метр кубтан астам жиналады. Қазақстанда 22 миллиард тоннадан астам қалдықтар жиналған. ҚОҚ министірінің сөзі бойынша, 16 миллиард тоннадан астам – техногендік миниралдық қалдықтар, 6 миллиард тоннаға жуығы – зиянды және 96 миллион тонна қатты тұрмыстық қалдықтар. Елімізде құрамдастарға бөлінбеген қатты тұрмыстық қалдықтардың негізгі массасы ашық ійінділерге шығарылып, жиналады, ал оның 97 пайызы экологиялық, санитарлық заңнаманың талаптарына сай келмейді[3;1].

Қазақстанда қалдықтарды жинау және шығару бойынша жеткілікті инфрақұрылымның жоқтығы тұрғылықты пункттерде апатты үйінділердің пайда болуының себебі болып тұр және оларды жоюға кететін шығындар жергілікті бюджеттен жыл сайын жұмсалуда. Тек 5 пайыздан астам қатты тұрмыстық қалдықтар ғана кәдеге жаратылып, өртеледі.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес қоршаған ортаны қорғау облысындағы уәкілетті орган біріңғай мемлекеттік экологиялық саясатты жүргізеді, қалдықтарды реттеу бойынша нормативтік құқықтық актілер әзірлейді. Коммуналдық шаруашылық облысындағы уәкілетті орган коммуналдық қалдықтармен саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысады. Жергілікті атқарушы органдар қалдықтарды басқару бойынша бағдарламаларды әзірледі ұйымдастыруды және оларды орындауды қамтамасыз етеді; өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру бойынша объектілер салуға және учаскелерін бөліп шығаруды; коммуналдық қалдықтармен айналысқанда экологиялық талаптарды ұстануды қамтамасыз етеді; қалдықталдың пайда болу көлемін бақылауды жүзеге асырады және қалдықтардың көлемін азайтуға, оларды қайтадан немесе балама пайдалану деңгейін жоғарлатуға және көмуге арналған қалдақтардың

көлемін қысқартуға бағытталған шараларды және экономикалық ынталандыруды әзірлейді[4;59].

Қазіргі уақытта өндірістік және коммуналдық қалдықтарды басқару мәселесі Экологиялық кодекспен, оны жүзеге асыру заңға бағынышты актілерімен реттеледі. Қазақстан Республикасының кодексіне сай «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» санитарлық ережелер де жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандырылуға, тастауға, өндіріс және тұтыну қалдықтарын көмуге санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды тұрақтандырады. Бірақ, Экологиялық кодекс және басқа да нормативтік құқықтық актілер нормалары осы саланы толық түрде реттемейді. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі қалдықтарды реттеудің жалпы ережесін, эмиссия түрінің бірі ретінде анықтайды. Бірақ, халықаралық тәжірибие көрсеткендей, қалдықтардың әртүрлі түрлері әртүрлі ережелерді және нормаларын талап етеді. Мысалы, пайдаланылған өнім болып табылатын қалдықтар «өндірушінің кеңейтілген жауапкершілігі» сияқты нормамен реттеледі, оны өндіріс қалдықтарының басқа түріне енгізуге болмайды. Дегенмен, іс жүзінде Республикада қоқыстың 90% жерге көмілсе, қалған 10% өртеледі.

Өртеу - тәжірибиеде ТҚҚ-ды жоюдың әлемде кең тараған түрі. ТҚҚ-ды өртеу тәжірибиесі XIX ғасырдың аяғынан басталды. Оның ТҚҚ-ды көмуден артықшылығы, қалдықтың көлемі 10 есе кішірейсе, салмағы 3 есе азаяды. Әрине, бұл салыстырмалы түрде тиімді. Бірнеше онжылдықтар бұрын қалдықтар көлемі қазіргіге қарағанда аз болған уақытта, пластикалық заттар аз болған кезде қоқысты өртеу, қазіргіге қарағанда айтарлықтай қауіп тудырмаған еді. 80-жылдары тұрмыстық қатты қалдықтарды өртеу барысында атмосфераға зиянын тигізетін әртүрлі улы өнімдер қалыптасатыны анықталды.

Жоғарыда аталғандардан бөлек, ТҚҚ-ды өртеудің өзге де кемшіліктері бар. Біріншіден, халық тұрмысына пайдалы бағалы полимерлік өнім жойылса, екіншіден, үлкен аумақтар қоқыстың әсерінен жарамсыз болып қалады. Байқап отырғанымыздай Қазақстанға қоқыспен күресудің жаңа бағдарламасы керек. Көптеген дамыған мемлекеттердегідей, біздің мемлекетімізге де қалдықтарды кәдеге жарату жүйесін дамыту керек. Бұл қоршаған

ортаның ластануының алдын алатын бірден бір тиімді шешім. Әрине, бұдан бөлек, халықтың тарапынан да тиісті әрекеттер болу керек, ол қоқыс тастау мәдениеті[5;1].

Шетел тәжірибиесіне назар аударатын болсақ, қалдықтарды кәдеге жарату АҚШ, Жапония, Канада сияқты мемлекеттерде 80-жылдардың ортасынан бастап қолға алынған. Бұл мемлекеттерде осы үшін мемлекет тарапынан қаржы бөлініп, ұлттық бағдарлама құрастырылған. Ал 1994 жылы қалдықтар қаптамасы туралы Декларация қабылдаған ЕО мемлекеттерінде Еуропарламент пен Еуропалық Кеңес министрлерімен тұрмыстық қатты қалдықтардың көлемін ұлғайтпау, оларды қайта өңдеу және өңдеуге жатпайтын қалдықтарды зиянын тигізбейтіндей қылып жою негізгі мазмұны болатын қаптама қалдықтарын пайдалану стратегиясы туралы ортақ заң қабылданған. Сонымен қатар, бұл мемлекеттерде қоқысты жинау мен оны қайта өңдеу – табысты бизнес. Онда әрбір қалтаға қоқыс қатаң саналады. Сәйкесінше, мысалы, Германияда осы саламен айналысатын ірі кәсіпорындар миллиардтаған еуро ақша табады. Осылайша олар бір оқпен екі қоянды өлтіреді. Біріншіден, компаниялар жақсы табыс табады, екіншіден, қоршаған ораны зиянды қалдықтардан қорғайды. Әрине, бұл тиімді заңнаманың нәтижесі деуге болады.

Барлық шетел мемлекеттерінде қаптаманың өмірлік үрдісіне қаптама өндірушінің жауапкершілік қағидасы жүзеге асуда. Батыс еуропалық заңда өнеркәсіп және тұрмыстық қалдықтар саласын реттейтін «өндіруші жауапкершілігі» деген түсінік төмендегіні көрсетеді:

1. Кім қоршаған ортаға теріс әсер жасаса, соған жауапкершілік жүктелуі керек;
2. Мұндай жауапкершілік өндіріс және тауар жүргізудің барлық қатысушылары арасындағы, олардың қоршаған ортаға нақты ықпал жасауына сәйкес, бөлінуі керек.

Біздің елімізде төмендегі ережелерді заңдық түрде реттеу керек.

1. Өндірушінің кеңейтілген жауапкершілігі бойынша терминдер мен реттеуші ережелер енгізу қажет, оның негізінде өнімнің барлық этаптарындағы өмірлік кезеңін, өнімді кәдеге жаратуға дейін, өнім өндірушінің жауапкершілігі ұғынылады;

2. Қалдықтарды өңдеу және кәдеге жарату кезінде импортшы мен бумалар және тауарлар өндірушілердің қаржылық жауапкершілігі көзделуі керек. Ол үшін, өндірілген тауар мен бума бірлігінің құндық пайызы арнайы құрылған мамандандырылған қорға аударуды көздеу керек немесе тауар бірлігі және бума бірлігінің кедендік құнының дәл осындай пайызы. Бұл жағдайда қайтадан пайдалануға жарамды ыдыстың бағасына, қосымша оның кепілдік құны кепілге салынады. Тауардың тізбесін анықтау керек, олардың құндылығынан төлем есептеледі. Өнім құндылығынан оның кәдеге жарату құндылығын қарастыру керек.

3. Қалдықтардың кейінгі шикізатқа өту мәселесі бойынша тұрақтылық енгізу. Өлшемдер беру қажет, мысалы, шикізаттың кәдеге жаратуға және өңдеуге дайындығы, ол шикізаттың талап етілген, кәдеге жарату бойынша қуаттылықтың қолда болуы;

4. Тауарлардың қаптамаларына талаптар қою және қаптаманы шығарушыларға өндірістік тұтынушыларға өз қаптамаларын оны пайдаланғаннан кейін, жинау және өңдеу бойынша жауапкершілік жүктеу немесе жауапкершілікті мамандандырылған ұйымдарға жіберу;

5. Кәсіпорындарды салық төлемін, салық емес төлемін (электр энергияға, суға тарифтер және т.б.), ҚР Салық кодексіне өзгерістер енгізе отырып, бюджет субсидияларын төмендету арқылы шикізатты кәдеге жаратуға және өңдеуге ынталандыру;

6. Пайдаланғаннан кейін қалдықтардан ең төменгі өнімнің қалыптасуын жобалау;

7. Қоршаған орта сапасының мақсатты көрсеткішін заңдық деңгейде енгізу, оның ішінде кәдеге жаратылған және өңделген қалдықтардың көрсеткіш үлесі, өнеркәсіп саласына қалдықтарды кәдеге жаратудың ең төменгі мақсатты көрсеткішін енгізу;

8. Қалдықтарды басқарудың айналымын орнату: ескерту (қалдықтардың қалыптасуы), «бастау алу жанында» сұрату, қайтадан пайдалану, дайындық, рециклинг, кәдеге жарату және жою;

9. Бөлек жинауды кезеңдер бойынша енгізуге, тұтыну қалдықтарын кәдеге жаратуға және өңдеуге (оларды құрамдасқа бөлінуін, тамақ қалдықтарын түрлі-түсті және қара металдарды,

текстиль, қағаз, және басқа да қалдықтарды енгізе отыра) талаптар орнату;

10. Тұтынудың ерекше қалдықтармен айналысуға (қаптама, лак, бояулар, батареялар және аккумуляторлар, электрондық құралдар және т.б.) Еуропа Одағының дерективасына ұқсас, кезең-кезеңімен талаптар орнату. Жоғары айтылғандарды қорыта келе, қалдықтармен айналысудың мәселесін бөлек заң аясында реттеу ұсынылады[6;11].

Болжамды құқықтық зардаптар қалдықтарды өңдеудегі экономикалық ынталандырудың құқықтық механизмдерін жасау және заң жобасында мынадай мәселерді реттеу:

1. Бөлек жинау, кәдеге жарату және өңдеу бойынша ережелер енгізілуі тиіс, қалдықтарды мерзім және шарттар бойынша, «екінші шикізат» ретінде танылып, өңдеуге дайын қалдықтар болуы қажет;

2. Қалдықтардың қалыптасуын қысқартатын, қалдықтарды кәдеге жаратумен және өңдеумен шұғылданатын кәсіпорындарды ынталандыру шараларын ұйымдастыру;

3. Қалдықтарды орналастыру үшін арналған полигондарға жаңа техникалық және құрылыстық талаптарды әзірлеу және қабылдау;

4. Қалдықтарды кәдеге жаратудың және өндірудің процестерін қадағалау үшін қалдықтар бойынша ведомствалық және статистикалық есептілік формаларын жетілдіру;

5. Кейінгі шикізаттағы кейінгі материалдық ресурстарды бөлек жинауға және оларды өңдеуге шаруашылық және басқа да қызмет субъектілерінің жауапкершілігі енгізілуі керек;

6. Қалдықтардың өңдеу нарығын дамытуға құқықтық негіз жасау;

7. «кеңейтілген өндіруші жауапкершілігі» қағидасын енгізу полигондардағы пайдаланылған өнім болып есептелетін қалдықтардың қалыптасуын және орналастыруын азайтуға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, қазақстан Республикасында қатты тұрмыстық қалдықтарды және екінші шикізат өндіру саласында нақты заң қабылдануы керек деп ойлаймын. Себебі, қоршаған ортаның қоқыспен ластануы адами фактордың әсерінен болып отырғаны айдан анық. Соған сәйкес, алдымен халықты, өндіріс

орындарын қоқыс тастау мәдениетіне бейімдеу керек. Ал оның бірден бір тиімді жолы жауапкершілік жүктейтін, тиімді әрекет ететін заңнама. Ол заңның мақсаты мыналар болу керек деп есептеймін: қалдықтардың адам денсаулығына және қоршаған ортаға келтіретін зиянды жерін болдырмай, қалдықтардың қалыптасуын болдырмау, және өңдеу үшін жағдай жасау, қалдықтарды кейінгі шикізат ретінде екінші рет пайдалану, экология жағынан таза кәсіпорындардың дамуы, эмиссиялар көлемін төмендету. Заң жобасының реттеуші пәні – кәсіпорын және тұтынуды басқару саласындағы мемлекеттік реттеу аясындағы қатынас болып табылады. Сонымен қатар, қалдықтарды өңдеу нарығы дамиды, ол жаңа жұмыс орындарының ашылуына мүмкіндік береді, қалалық және ауылдық өңірлерде халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдеседі, жергілікті қайта өндіруші өнеркәсіптерді дамытады, қалдықтармен басқаруда инвестициялық жаңалықтар енгізеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Егоров О.И. Перспективы комплексного использования твердых бытовых и техногенных отходов.// Аль Пари, -2007. -№3-4, – С.113-116
2. Любешкина Е.Г. Твердые бытовые отходы. Проблемы и решения. // Пищевая промышленность. -2001. -№12. – С.28-29.
3. Нургалиев С.С. Проект ЕС/ТАСИС/ EcolDEA «Инструменты и механизмы участия для лучшего управления отходами в г.Астана», Отчет «обзор по раздельному сбору мусора <http://do.gendocs.ru/docs/index-266160.html>
4. Айтжанова Д.А., Формирование регирнальных целевых программ управления отходами производства// Вестник КазНУ. Серия Экономическая - 2007. -№1. -С.58-61
5. **Нургуль Салықжанова** Проблема переработки отходов остро стоит в Казахстане <http://namig.kz/news/problema-pererabotki-othodov-ostro-stoit-v-kazahstane>
6. С.Мұқаулы Қайтарымды рерурстарды пайдалану. Экономика баспасы, - Алматы 2009. -65 б.